



АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС!

Қысқы уақытта төтенше жағдайлардың туындау қауіпі аса жоғары. Климаты аса қатал біздің Хромтау ауданы үшін ондай қауіпті жоққа шығаруға болмайды. Аяздары көп болатын бүкіл қыс әлі алдымызда. Сондықтан, қыс айлары әкелуі мүмкін жаңа сынақтарға үнемі дайын болуымыз керек.

Кез келген жағдайда қауіпсіздік тәртіп ережелерін елемеу және тұрақты берілетін ескертулерге назар аудармау - өзіңізді қиындықтарға, қауіпке итеру деген сөз. Қысқы кезеңде жолға шыққанда, естен шығармау, сақтау керек болатын бірнеше жалпы ережелер бар:

- метеорологиялық мәліметтерді тыңдай отырып немесе өзіңізді қоршаған табиғатты, айналаны бақылау арқылы ауа райының өзгеруін қадағалауға тырысыңыз;
- артық киімді елеменіз;
- жаңадан жол салмаңыз, қияларды қиып өтпеңіз;
- күн ашық емес кезде, қараңғыда таныс емес жерлермен жүрмеңіз,
- жаңғыз жүрмеуге тырысыңыз; балаларды өзіңізбен бірге жолға алып шықпаңыз,
- суық ауа райында, әсіресе қатты жел кезінде, жалпы немесе денеңіздің жекелеген жерлерін үсік шалдырып алмауға тырысыңыз, өзіңіздің жағдайыңызды үнемі бақылауда ұстаңыз; Тоңып қалған жерлеріңізді барлық қолжетімді жолдармен жылытыңыз.

Ауа райының нашарлайтынына, жолдың адастыруы мүмкін екеніне дайын болыңыз. Киім қозғалысқа қиындық, кедергі келтірмеуі тиіс. Аяқ киім кез келген жағдайда бос, кең болуы қажет.



*Гимназия директоры
Абзал Еркінұлы Құрманов*

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ



Қыс. Қыс келді. Күн қатты суық болып, борандатты. Адамдар қалың киімдерін киіп, өз жұмыстарын істеп жүр. Құстар жылы жаққа ұшып кетіпті. Бірақ қарға қарқылдап, қыс мезгілінде ұшып жүр. Айнала аппақ мамықтай нұрға бөленген. Балалар далада шанамен сырғанап, коньки теуіп, аққала жасап кейбіреулері мұзға шаңғымен сырғанап, ойнап жүр. Мектепте де оқушылар бір-бірін қарға құлатып, қар атысып ойнап жүр. Олар ойынға кіріскені сондай беттері қып-қызыл болып, алмадай болып кеткен. Қыста көптеген мейрамдар болады. Жаңа жыл - қоян жылы. Жаңа жыл мерекесі өте қызықты өтті. Барлық үйде дастархан жайылып, көңілді күймен жаңа жылды қарсы алды. Шыршаны безендірдік. Қыстың қызығы өте көп. Қоян жылы құт әкелсін! Жаңа жылдарыңмен достар!

*ІӘ сынып оқушысы Бауыржан Саяжан
Сынып жетекшісі Изтаева А.А*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ.



**«Ойын-бұл үлкен жарық терезе, ол арқылы баланың рухани әлеміне
қоршаған әлем туралы идеялар, ұғымдар ағыны енеді»**

В. А. Сухомлинский

Алаш ағартушысы Мағжан Жұмабаев «Ойын-бала үшін өмірлік тәжірибе» деген екен. Білім беруісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді дезерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесі-жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін дамушы орта құратын жалпы білім беру жүйесіндегі бірінші және ең жауапты буын. Баланың бастауыш

мектеп кезеңіне өтуіне дайындайтын психикалық процестердің және тұлғалық қасиеттердің қалыптасуында олардың ойлауын, қабылдауын, қимыл-қозғалысын дамытып қана қоймай, баланың мектепке мотивациялық дайындығын қалыптастыратын ойын әрекеті ерекше маңызды рөл атқарады.

Л.С.Выготский ойынның баланың психикалық дамуындағы рөлін қарастыра отырып, мектепке көшумен байланысты ойын тек жойылып қана қоймайды, керісінше, ол оқушының барлық іс-әрекетіне енетінін атап өтті. «Мектеп жасында, - деді ол, - ойын өлмейді, бірақ шындыққа қатынасына енеді. Оның мектептегі және жұмыстағы ішкі жалғасы бар...»

Мектеп жасына дейінгі білім беруде балаларды тәрбиелеуде ойынның маңызы қандай? Ойын арқылы бала еңбекке үйренеді, аға буынның ісін жалғастырады. Ойын баланың бойында болашақта орындауға тура келетін іс-әрекетке қажетті қабілеттер мен қасиеттерді дамытады. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде қоршаған ортамен, адамдармен қарым – қатынас жасауға дағдыланады. Ойын арқылы бала жаңа дағдыларды меңгереді және сөйлеу, ойлау және логика, есте сақтау, зейін және басқа да психикалық қызметтерді дамытады. Бұл арнайы «жаттығу» ойындарына ғана қатысты емес. Мысалы, пластилиннен бірдеңе жасау, баланың ұсақ моторикасын дамытады, түстерді, геометриялық пішіндерді ажыратуды, пайдалана білуді үйренеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді

Ойын – ғылым мен мәдениет субъектілеріндегі объективті іс-әрекеттерді жүзеге асырудың әлеуметтік бекітілген тәсілдерінде бекітілген қоғамдық тәжірибені қайта құруға және игеруге бағытталған шартты жағдайларда қызмет түрі.

Ойынның құрамдас бөліктері

1. Ойын сюжеті – шартты ойын кеңістігіне, оған тән ойдан шығарылған жағдаятпен («бірдей») «көшіруге» мүмкіндік береді.

2. Ойын бейнесі - реинкарнацияға, белсенді шығармашылық өзін-өзі көрсетуге, ойын жағдайын өзінікіретінде қабылдауға ықпал етеді.

3. ойын проблемалық эмоционалды-бейнелі жағдай – ойын бейнелерімен эмпатия сезімі мотиві қаланады.

4. Шығармашылық немесе дидактикалық тапсырмалар – әр түрлі іс-әрекет түрлерінде ойын әрекеттерін жүзеге асыру мақсатында әзірленеді: сөйлеу, музыка, бейнелеу, оқу және т.б. Тапсырмалар оқу міндеттерін шешуге бағытталған.

5. Ойын әрекеттері – баланың белсенділігінің көрінуімен байланысты. Олар бала орындайтын жеке элементтерден тұрады.

6. Ойын ережелері – ойын мазмұнын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, балалардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне басшылық жасау, ойын әрекетінің сипаты мен шарттарын анықтау.

7. Ойын нәтижесі – баланы жасалған шығармашылық өнімнің сапасына бағыттады.

8. Ойын жабдығы – заттар, ойыншықтар, схемалар, макеттер, тапсырмалар картасы, суреттер, иллюстрациялар, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жеке дәптер және т.б.

Балалардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың бір түріретінде ойын байланыста болса артады. Ойынды еңбек, көрнекі және конструктивті әрекеттермен байланыстыру өте орынды. Ойын барысында жаңа ойыншық (таразы, дүрбі) жасау, атрибуттарды басқаша ретке келтіру қажеттілігі туындайды. Ересек адамның көмегімен балалар ойыншықты жөндей алады.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, сонымен қатар оларды ойната отырып ойлануға бағыттады, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады. Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұнын байытып, балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санамақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой-жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетін түрлендіріп өткізу орынды.

Ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептеуге жаттығуына логикалық ой-жүйелерін жетілдіруге, түсінуге толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халық ойындарын жатқызуға болады. Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану арқылы мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек», «Асық ату» т.б. ойындар арқылы баланың ой-ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыройға, тапқырлыққа жетелейтін ойындарды әр ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде жүйелі пайдалану керек. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ынтасы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінде балаға жұмбақтарды жатқа айтқызудың өзі тілін жаттықтырады. Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі.

Ойында адамгершілік қасиеттер, тапсырылған іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілік, жолдастық пен достық сезімі, ортақ мақсатқа жету кезінде іс-әрекеттерді үйлестіру, даулы мәселелерді әділ шеше білу қалыптасады. Ойынның тақырыбы - бұл бейнеленетін өмір құбылысы: отбасы, балабақша, мектеп, саяхат, мерекелер. Бір тақырып балалардың қызығушылығына және қиялдың дамуына байланысты әртүрлі эпизодтарды қамтиды. Осылайша, мұғалім балалардың өмірі мен іс-әрекетін ойын түрінде ұйымдастыра отырып, белсенділік пен бастаманы дәйекті түрде дамытады, ойында өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, ойын - оқыту мен тәрбиелеудегі қуатты құрал деген пікірді толық қолдайтынымды атап өткім келеді. Дұрыс ұйымдастырылған ойын балалардың ақыл-оймүмкіндіктерін жұмылдырады, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады, өзін-өзі ұстай білу дағдыларын қалыптастырады, бірлескен іс-әрекеттерден қуаныш әкеледі.

Турлыбаева Ж.Е

мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі



БАТЫРЛАР ЖЫРЫ - ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ӨЗЕГІ



Батыр дегеніміз кім? Батыр болу үшін, бірінші кезекте, тұлға бойында ержүректік пен патриотизмнің болуы қажет. Жауын бақилық етіп, жері үшін майданға аттанғандар ғана емес, Отаны үшін үлкен іс жасаған, қызмет еткен жандар да-батырлар. Әдебиетте батырлардың бейнесін жалпыға дәріптейтін-батырлар жыры. Қазақ әдебиетіндегі осы мазмұны бай, құнды батырлар жыры эпостық шығармалар қатарына кіреді. Олар халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Оқиға желісінде басқыншылардың шабуылы баяндалып, қазақ батырларының сол күрестегі ерлігі жырланады. Басты рөлдегі қаһарманның арман-тілегі халық тағдырымен ұштасып жатқандықтан, сол уақыттағы ата-бабамыздың өмірін, салт-дәстүрін, мәдениетін жеткізетін өте құнды материал. Жылқыға тіл бітуі, биік таулар мен қамал-қорғандардан ұшып өтуі, қысылғанда батырға ақыл-кеңес беріп, қиындықтан құтқаруы

сияқты арман-қиялға тән белгілер батырлар жырында үлкен орын алады. Батырлар жырының ішіндегі ерекше жырларының бірі- «Қобыланды батыр» жыры. «Қобыланды батыр» жырының басты тақырыбы- жер мен ел намысын қорғау. "Қобыланды батыр" - қазақ халқының батырлық, отаншылдық жайлы мазмұны терең эпостарының бірі. Жырдың дүниеге келуін ғалымдар әр түрлі дәуірлерге меңзейді. Дегенімен ерте замандарда дүниеге келгені даусыз. Сол себептен де жырдың айтушы жыршылары да, варианттары да көп. Жырдың 29 нұсқасы болса, солардың ішіндегі ең мазмұндысы Марабай жырау нұсқасы. Жырдың негізгі арқауы сырт жауларға қарсы күреске негізделген. Басты кейіпкері Қобыланды батыр. Қобыланды тоқсандағы Тоқтарбай мен Аналықтың қартайғанда көрген жалғыз баласы болып суреттеледі.

Жырдың қысқаша мазмұнын былайша өрнектеуге болады: Қобыланды қият батыры Қараманға еріп, Қызылбас ханы Қазанды, одан соң Көбіктіні жаулап, өлтіріп, Қарлыға қызды олжалайды. Ең аяғында өзі жорықта жүргенде елін шауып кеткен Алшағыр ханмен соғысып, ел-жұртын азат ету оқиғалары суреттеледі. Жырдың басында Қазанға аттанып бара жатқан Қараманға Қобыланды: менің барар-бармасымды Құртқа біледі" деп аңғалдыққа жол береді. Ал Қараман "Қатынның тілін алған батырға не жорық" деп батырдың намысына тиеді. Дегенімен мәселе батырдың өзінде емес, мінетін аты Тайбурылдың баптау мерзімінің жетімсіздігінде еді. Құртқаның баптауынан өткен Тайбурыл желдей жүйрік шабысымен бірнеше күн бұрын озып кеткен Қараманды басып озып, қырық күндік Қазанға бір күнде жетеді. Қият әскері жеткенше ол Қазан батырды да, оның қырық мың қолын да жайратып салады. Сөйтіп, Қобыланды батырлықтың сұрапыл үлгісін көрсетіп, тілмар, ілгіш Қараманға кім батыр, кім қорқақ деген сөздің айырмасын танытады.

Жырдың келесі бөлімінде Қобыланды мен Қараман озбыр жау Көбіктімен айқасқа шығады. Бірақ Көбікті өз серіктерінің көмегімен екі батырды айламен тұтқындап, зынданға тастайды. Көбіктінің қызы Қарлыға Қобыландыға ғашық болып, қыздың көмегімен батыр тұтқыннан босап шығады. Қобыланды ең айлакер жауы Көбіктіні жеңгеннен кейін өз елін шапқан Алшағырға аттанады. Қобыландының үш ай, үш күн соғысып, Алшағырдан елін азат ететін жері - жырдың ең шешуші сәті болып табылады.

Жыр қоштасу монологтарына, азаттықты арман тұтатын халық толғауларына бай (Тоқтарбай, Аналық зары). Қобыландының Алшағырмен соғысып, өз жұртын, ата-анасын, қарындасы Қарлығаш пен әйелі Құртқаны жау қолынан азат ету оқиғаларының мәні өзгеше. Жырдың ең түйінді, драмалы бөлімі де осы. Алшағыр соғысы болмаса, Қобыландының халықпен байланысы жеткілікті түрде ашылмас еді.

Жырдың өлеңдік құрылысы эпосқа тән буындық жыр өлшеуі. Жыр өлшеуі қандай жеңіл болса, тілі де сондай жүгіртпелі, ойнақы, таза. Аллитерация мен ассонанс, теңеулерден аяқ алып жүргізіс.

"Қобыланды батыр" жыры - сөз өнерінің алтын қазынасы болуымен бірге жастарды отаншылдыққа тәрбиелеп, баулуда өте үлкен рөл атқарады. Елдік, ерлік рухын асқақтататын Қобыланды бейнесі ғасырдан-ғасырға жетіп, әрбір ұрпақтың рухани азығына алдағы уақытта да айналуға тиіс деп ойлаймын.

Нуржанова А.К

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор





МОЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ФИЛОСОФИЯ
«Посредственный учитель излагает. Хороший учитель объясняет.
Выдающийся учитель показывает. Великий учитель вдохновляет»
Уильям Артур Уорд

Как говорил немецкий писатель А. Дистерверг: «Учителем надо родиться; им руководит природный такт». Я считаю данное высказывание абсолютно точным. Тогда и лишь только тогда, когда человек называющий себя учителем, поймет, что искусству преподавания нельзя научиться в колледжах и университетах, что дар преподавания либо есть, либо нет. Вот только тогда человек станет великим учителем, только тогда он станет вдохновением для своих учеников. Конечно, таких людей с природным талантом немного, а ведь обучать кому-то все-таки надо... Я думаю, если в тебе изначально есть любовь к детям, то вполне возможно, при помощи саморазвития и постоянной работой над собой, впитывать знания и обучаться ремеслу преподавания. Правда, если есть любовь к детям, но нет любви и интереса к преподаванию, нет тяги, нет терпения и выдержки, то все ваши усилия будут тщетны. В таком случае, не стоит мучить ни себя, ни окружающих, попробуйте найти себя в другом.

Итак, говорить, что я была из числа тех людей, которые были одарены преподавательской деятельностью с рождения, думаю будет неверно. Но я была тем, человеком, в котором была, есть и будет безграничная любовь к детям. Это был мой первый постулат. Ко второму, то есть, любви к преподаванию, я пришла благодаря своему учителю в школе. Этот человек был Учителем с большой буквы. Своим преподаванием, умением раскрыть в учениках скрытые таланты, даром невероятного ораторского мастерства, мой учитель смогла привить мне любовь не только к русскому языку и литературе, но и к преподаванию в целом. Я безгранична благодарна ей, так как в другой профессии я себя не вижу. И да, я считаю, что не приди я в сферу образования, мир потерял бы отличного учителя в моем лице. А еще я уверена в том, что самой главной наградой для учителя, является признательность, отзывчивость, обратная связь и благодарность учеников. Конечно, если твои достижения поощряются и отмечаются руководством, это тоже хорошо, но это не самое главное. Думаю, что многие, если не все, согласятся со словами М.И. Калинина: «Учитель работает над самой ответственной задачей — он формирует человека», также было сказано, что: «Педагог — это инженер человеческих душ». Поэтому никогда не при каких обстоятельствах, мы, учителя, не должны забывать этого.

Представьте себе инженера, который проектирует здание, просто потому что перед ним поставили задачу, просто потому что он выполняет приказ. Как долго будет функционировать это здание? Какое оно будет для восприятия человека? Вы думаете, такой человек, вложил душу в свое «детище»?

А теперь представьте инженера, который отдает всего себя работе, который старается контролировать все, от начала «зарождения» идеи, до открытия проектируемого объекта. Да, пусть это даже и параноидально, но поверьте, эффект будет невообразим.

Теперь вернемся в нашу сферу деятельности. Каждый учитель должен помнить, что он играет огромную роль в жизни ученика. Ведь учитель занимается не только образованием ребенка, но и вносит вклад в становлении ученика, как личности. В данное понятие входит не только обучение, но и воспитание. Как говорил А.П.Чехов: «Воспитанные люди уважают человеческую личность, а потому всегда снисходительны, мягки, вежливы и уступчивы». Основываясь на таком понятии, хотелось бы донести до всех людей, занимающихся в сфере образования: «Уважаемые коллеги! Хочу, чтобы вы поняли, что мы играем немаловажную роль в жизни детей. Дети — это наше будущее, будущее нашего государства! Неужели вы не хотите, чтобы наша страна процветала, чтобы в ней жили умные и порядочные граждане? Неужели вы не хотите, чтобы нас с вами окружали грамотные и воспитанные люди? Задавайтесь по чаще такими вопросами и вносите существенный вклад, как в развитие ученика, так и в развитие государства. Ведь не зря говорил великий философ Аристотель: «Все, кто размышлял об искусстве управления людьми, убеждены, что судьбы империй зависят от воспитания молодежи.»

Еще один немаловажный фактор на пути становления детей в индивидуумов — это роль родителей в жизни ребенка. Каждый разумный человек должен понимать, что воспитание не ограничивается школой. Да, принято считать учителя проводником в мир знаний, так оно и есть, но он не должен пытаться заменять родителей и выполнять их обязанности. Согласитесь, довольно — таки несправедливо, что там, где родители должны нести ответственность за своего ребенка, они перекидывают ее на учителя?

Дорогие родители, примите во внимание! Если у вашего ребенка не получается что-то по одному предмету, ничего страшного, у него обязательно получится по-другому. Вы должны понимать, что в такие моменты вашему ребенку просто жизненно важно чувствовать поддержку родителей. Не нужно давить на него. Отнеситесь с трепетом и сопереживанием ко всему о чем вам говорит ваше чадо. Учитель в свою очередь, будет стараться развивать в ребенке его сильные стороны и укреплять слабые. По одиночке нам с вами будет сложно достичь цели, а цель у нас одна, вырастить достойного человека. Предлагаю делить ответственность и со всей серьезностью подойти к делу. Сообщая, поддерживая друг друга, мы сделаем только лучшее для вашего ребенка.

«От врачей и учителей требуют чуда, а если чудо свершится, никто не удивляется» - так сказала австрийская писательница XIX века Мария фон Эбнер-Эшенбах. Призываю, не обесценивать труд людей различных профессий. Наоборот, примите участие в свершении чуда.

Итак, подводя итоги, хочу сказать, что моя педагогическая философия заключается в 3-х основных этапах, выраженных высказываниями великих людей.

1. «Ученик - это не сосуд, который надо заполнить знаниями, а факел, который нужно зажечь» -Л.А. Арцимович. От учителя требуется дать свободу мысли ученику, но при этом направлять его в нужное русло.

2. «Обучать — значит вдвойне учиться» -Ж. Жубер. Чему ты сможешь научить своего ученика, если сам не будешь совершенствоваться?
3. «С одной стороны одобрение и внимание родителей, с другой, любовь и поддержка учителя. Вот эти два крыла, способные возвысить человека в его начинаниях» -Ш.Б. Иржанова.

Иржанова Ш.Б

Учитель русского языка и литературы

Педагог-исследователь

Жақсылық жасап жарысайық!



Ел болашағының тізгінін ұстайтын жас ұрпақ – мемлекетіміздің басты құндылығы. Олардың толыққанды білім алып, саналы азамат болып қалыптасуына ықпал ету – басты міндет.

Осыған орай, жаңа жыл мерекесіне әлеуметтік сала бойынша «Дөң мектеп-гимназиясы» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде белсенді жұмыс жүргізілуде. 2022-2023 жаңа оқу жылында «Жаңа жыл» мерекесі аясында ұйымдастырылған 2022 жылдың 25 желтоқсан айында «Призиденттік шыршаға» ата-ана қамқорлығынсыз қалған 1 оқушы қатысып, 100 000 (жүз мың) теңге сыйлық табысталды.

26 желтоқсанда «Барыс» мейрамханасында Аудан әкімінің шыршасына мектебімізден әлеуметтік санаттағы көп балалы, аз қамтылған 3 оқушы қатысып, Аяз ата оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлап, сыйлыққа самокат және тәттілер сыйлады.



Мектебімізден әлеуметтік санаттағы төрт оқушы «Аяз атаға» хат жазып, үлкен сыйлықтарға ие болды. Екі оқушы Аяз атаға жазған хатындағы, өзі армандаған ұялы телефон жазса, екі оқушы велосипед деп жазып, өздері қалаған сыйлықтарын алды.



Восход-Ориент демеушілігімен әлеуметтік санаттағы, соның ішінде көп балалы, аз қамтылған бастауыш сыныптың 50 (елу) оқушыларына жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.



Жеке кәсіпкерлерге, ұстаздарға, ата-аналарымыз бен демеушілерімізге игі шараның ұйытқысы болып, оқушыларымызға қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтамыз. Қайырымдылық акциясы әлі де жыл бойы жалғасын табады және оқушылардың әлеуметтік жағдайы басты назарда болады.

Жақсылық жасау - күн шуағындай адам жүрегін нұрға бөлейді. Ал, балаға қуаныш сыйлау бақыттың биік шыңы. Осы орайда акция аясында мектеп оқушыларына көмек көрсетіп қол ұшын созған әрбір демеушілерге тағы да мектеп жұмысы атынан алғыс білдіреміз.

Ермеккарина А.К-әлеуметтік педагог



ҚАЗАҚ ЕЛІ ҚАЗАҚ ЕЛІ

Орманы мен таулары, өзені мен көлдері бар ғажап жері,
Қаншама рет төгілген ата - баба қан мен тері.
Баяғыдан сақталған салт - дәстүрі, ата тегі,
Тыныш жатып халқымыз мал бағып, егін еккен еді.

Егіндікке қапшықтап бидайдың дәнін сепкен еді,
Күн көрістің амалы сол болған соң, маңдай терін төккен еді,
Осылайша өмір сүріп, тыныш күндер өткен еді,
Солтүстіктен аюдай ақырып, Шығыстан айдаһардай атылып
кеп жеткен еді.

Жоңғары мен қалмағын кеп бір жақтан қысып кеткен еді,
Қанша қазақ баласы соларға құлдық еткен еді.
Қанша қазақ қыздары солардан зардап шеккен еді,

Құлдықта ұстап, қырып сап, қинап, ұрып, тепкен еді.
Онымен қоймай халқын қырып, кемпір- шалды жеккен еді,
Соны көрген ұл-қызымыз оларды өлердей жек көреді.

Тәуелсіз боп еліміз, қуаныш қой көктегені,
Құдды бір жайнағандай, әсем дала көктемдегі.
Ата-баба арқасында, қорғаған байтақ жеріме,
30 жыл да болды міне, еркіндікке беттегелі

Ойлағандай ата-баба, еркіндік деген көктем еді,
Әлдеқалай көрсеткен бе, көркем дала Көктөбені?
Бабалар да қуанышты-ау, төбелері көкке жеткендері,
Қиын бірақ еркіндікті өздері алып, өздері көре алмай
кеткендері!

Сағиев Досымжан
11 сынып оқушысы

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВҚА

Жырыменен, өлеңі таусылмады,
Соны оқып қанша жастар сусындады.
Ұрпағына қалдырып мұрағатын,
Болсыншы тек жәннәтта асыл жаны.

Өлеңдері жүрек үнін кернейді.
Поэмасы естіген жанды тербейді,
Есімізде мәңгілікке қаласыз,
Ақынның аты өлсе де, хаты өлмейді.

Айтатұғын қазаққа сатылы ой,
Өлеңдері жүрегіме жақыны ғой.
Мен сізді мақтан тұтам әрқашанда,
Қазағымның ақиық ақыны ғой.

Сағиев Досымжан
11 сынып оқушысы

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНА

Туылыпты дара тұлға, Баянауыл жерінде,
Арғын деген тайпасынан, жазылыпты тегінде.
Ес білгенде халықпенен араласып жүргенде,
Ел аузындағы әңгімені, қағазына түсіріпті сол демде.

Отызына таяғанда, білім алып өзге елден,
Білімді жас, ақылды бас болып шықты төзгеннен.
Қанша еңбегін жазып шықты, тіл білген соң атамыз,
Араб, парсы тілін жетік меңгерген.

Көріпкелдігі бар еді ғой ол кісіде бұрыннан,
Болжамдары дәл келген ғой тұлымнан.
Алдын болжап әр халықтың адамның,
Жеткізіпті жетік айтып жұлыннан.

Сағиев Досымжан
11 сынып оқушысы

ҮШ БИ

Әділ шешім қабылдайтын қазағым
Қазағым көркемделсін ажарың
Сол дәуірдің даналары осылар
Әйтеке би айтқан нақыл дұрысынан

Төле биім төрелігін орнатты
Қарсы келсе жауларын да құлатты
Қазыбек би қаз дауысты даналы
Әр сөздері қазағымна саналы

Елі үшін дайын болған бәріне
Бата берген өзі туған жеріне
Алып қалған қазағымның байлығын
Алғыс айтам Қазақстан еліне

ӘКЕ

Асқар тау әкем бар жүзі жылы
Қашанда жақсылық айтқан жыры
Үй көрмей біздер үшін кетсе дағы
Жанымызда қалады сөзі жылы

Алыстан келсең жолыңа қарап
Тәтті әкелдің бе деп қолыңа қарап
Еркелеп сөйлеп өзімсіп кейде
Өзілдеуші ем досыма балап

Ақыл айтсаң жүре тыңдап
Сөз көтермей іштей тулап
Қарсыластым әр сөзіңе
Ниетінді білмей қымбат

Марат Ернұр
7Ә сынып оқушысы

ТӘУЕЛСІЗДІК ОРНАДЫ!

Желтоқсан желінде ызғарлы,
Аспанды қара бұлт торлады.
Алаңға шыққан ғой тайсалмай,
Жастары жалынды, қайсарлы.
Қыздардың шаштары жұлынып,
Таяққа қорлыққа шыдаған.
Жігіттер жанын да аямай,
Қазақтың намысын қорғаған.
Арада 5-ақ жыл өтеді,
Тәуелсіздік қолымызға түседі.
Тәуелсіздік сол бізге не істетпеді,
Қызыл қан ала көлдей төгіледі.
Жастардың көзіндегі жастары,
Себепші болғанымна бостандыққа?
Қаншама адам сол мезетте аттанады..
Мәңгіге бұл шайқас жойылады!
Сол ерлік, қыз, қайсарлар арқасында
Тәуелсіздікке осы ән арналады!
Көрші елмен терезе тенесіп,
Тыныштық заманы орналады.
Айтуға соларға тиіспіз,
Мәңгілік бас иіп алғысты.
Қазақтың қанында батырлық,
Келеді ғасырлар үзілмей.
Тәуелсіз күн үшін жан берген.
Қазақтың жастары бағалы!

ЕРІНШЕКТІҢ ЕРТЕҢІ

Ұйқы, тамақ, сабақ сол баяғы,
Өмірімді алып, кетіп барады.
Жатыр далада әлі тас, таяғы,
Мың жыл жатты, енді асып барады.

Мыңа күн салқындамай суып барады,
Санасызбен санасып қуып, талам.
Өміріндегі мәселеде шаруасы жоқ,
Басқаны әңгіме қылса, не бар шара?

Айтады біреулер оқы деп,
Оқығаным миыма қонбайды мүлде.
Тағы жарысам енді желмен,
Уақыт зымырап өтіп кетеді.

Жатпа бекер түнде құр уақытпен,
Тағыда уақыт кетіріп таңертең.
Айта бер, жаза бер ойынды,
Оқитын шығар, мағынасын түсініп біреулер.

Қуандық Сағыныш
9А сынып оқушысы

АДАМ БОЛУ

Адам болу ең қиыны ғаламда,
Шаршап, талу кінә, бүгінгі заманда.
Суып қалған раушан гүлді жұбатқан,
Тұлға қалды ел алдында мазаққа.
Қысты күні қаза тапты бала да,
Мандайына жазылғаны бары ма?

Шешесінің елжіретті көз жасы,
Адам болу деген міне осы ма?
Адам болу ең қиыны ғаламда,
Рысқұловтай жоқтан еркек заманда,
Ескермеген ана сүтің, көз жасың,
Не сұрайын иттей болған талапта?

Құланбай Меруерт
9А сынып оқушысы

Құттықтаймыз!



«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне қатысып, «Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы» секциясы бойынша жүлделі **3-ОРИНҒА** ие болған **9 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ҚҰЛАНБАЙ МЕРУЕРТ, ЖЕТЕКШІСІ: ИРЖАНОВА Ш.Б.**

«Биология» секциясы бойынша **АЛҒЫС ХАТ** алған, **11 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ НАУРЗАЛИН ӘДІЛЕТ, ЖЕТЕКШІСІ БУККАРИНА Б.Р.**

Республикалық 5-6 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінің қорытындысы

№	Олимпиада	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	пәні	жетекшісі	Жүлделі орны
1	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Худоярова Анель	5	Математика	Евдокимова Н.В.	1-орын
2	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Арыстанбай Аягүл	5	Орыс тілі	Есетова М.С.	2-орын
3	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Сабанбай Ізтөлеген	5	Қазақстан тарихы	Кусантаева Д.З.	2-орын
4	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Болат Қуаныш	6	Математика	Алғақызы А.	Алғыс хат
5	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Советов Әлім	6	Қазақстан тарихы	Кусантаева Д.З.	3-орын
6	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Сағындыкова Адель	6	Ағылшын тілі	Есетова М.С.	2-орын
7	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Бақыт Іңкәр	6	Орыс тілі	Абдуллина Д.Ж.	3-орын
8	5-6 кл арналған пәндік олимпиада	Нысамбай Айкөркем	6	Ағылшын тілі	Реймова А.Ж.	Алғыс хат



ЯСАУИТАНУ

Дәстүрлі "Ясауитану" Республикалық байқауы 2022 оқу жылының қыркүйек айының 29 күні аудандық, 3 қазан күні облыстық іріктеу кезеңдерінен Дөң мектеп-гимназиясынан 9 класс оқушысы Баимбет Әсел, 10 класс оқушысы Қауысова Жансая жүлделі 1 орынға ие болып, 12 қазан күні Түркістан қаласына жолдама алып сайысқа қатысып келді. Қауысова Жансая ыңталандыру 50 мың тенге ақшалай сыйлық алып, Баимбет Әсел бағалы сыйлыққа ие болды. **ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**



Мекен-жайымыз:
Дөң ауылы, Бейбітшілік 50



8(71336) 41 2 25

don_shkola

don_shkola@mail.kz

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ
директоры
Құрманов Абзал Еркінұлы

Бас редактор
Бекова Гауһар Қалдыбайқызы

Тілшілер
Абылай Альфира
Базарбекова Адина

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ
Жеке баспаханасынан басылды.

Газет 10 данамен таралады.

Айына 1 рет шығады.